

Сабақтың тақырыбы: Менің сүйікті спортишым

Сабақтың мақсаты:


1.Тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгеру, сөздік қорларын байыту. Сөздерді әр түрлі қолданыста орынды қолдана білу.

2.Оқушылардың қазақша сөйлеу тілін дамыту. Сүйікті спортшылары жайлы әңгімелей білуге әзірлеу.

3.Еліміздің атақты спортшыларын үлгі, өнеге ету. Балаларды спортты, еңбекті сүйуге баулу.

Сөздерді қайталау

- | | |
|--------------------|------------------------|
| 1.очень | а. түрі |
| 2.обязательно | ә. жақсы көру, сүйу |
| 3.любить | б. пайдалы |
| 4.полезно | в. айналысу, шұғылдану |
| 5.здоровье | г. ойнау |
| 6.заниматься | ғ. денсаулық |
| 7.играть | д. шаңғы тебу |
| 8.кататся на лыжах | е. міндетті түрде |
| 9.вид | ж. өте |



Спортпен
айналыссам



Экспресс К

Жақсылық Үшкемпіров

*Классикалық күрес бойынша
Қазақстаннан шыққан тұңғыш
Олимпиада чемпионы (1980 жыл,
Мәскеу), 1981 жылғы Әлем
чемпионатының алтын жүлдегері.*



Серік Қонақбаев

1980 жылғы жазғы Олимпиада ойындарының бокстан күміс жүлдегері, Европа чемпионы, Әлем чемпионатының (1982) күміс жүлдегері, Кеңестер Одағының үш дүркін чемпионы.




Ольга Шишигина

Қазақстандық спортшы, жеңіл атлетикадан Әлем чемпионы (1999 жыл), Сиднейде өткен **27** Олимпиаданың (2000 жыл) алтын жүлдегері.





Менің сүйікті спортшым



Жаңа сөздер

жанкүйер	– болельщик
өз сөзінде тұру	– сдержатъ слово
ант беру	– давать клятву
жеңу	– победить
үміт	– надежда
дарынды	– талантливый
сүйікті	– любимый
неге?	– почему?
мақтанышымыз	– гордость
жаттықтырушы	– тренер

Сөз тіркестерін толықтырыңдар

кімге? ұнайды

қандай? спортшы

не? күтемін

неде? тұрды

не? берді

1)маған

2)дарынды

3)үміт

4)сөзінде

5)ант

“Спортшы” сөзін жіктеңдер,
тәуелдеңдер, септеңдер.

I

II

III



Сөздерді пайдаланып сөйлем жазыңдар

Үлгі: Мен Қазақстан спортшыларынан үміт күтемін.

.....

.....

.....

.....

Мына сөздерді пайдаланыңдар:

маған ұнайды

өз сөзінде

ант берді

болып есептеледі

үміт күтемін

сөзінде тұрды

Елбасы

алдында

боксшылары

спортшы чемпион

тұрды

үлкен



Ермахан Ибраимов

Менің сүйікті спортшым – Ермахан Ибраимов. Ол шебер спортшы, 71 кг салмақта бокстан бірнеше рет чемпион болған. Ермахан Ибраимов 2000 жылы Сиднейдегі Олимпиадада алтын жүлде алды.

1998 жылғы Азия ойындарының, бірнеше Әлем чемпионаттарының жеңімпазы.

Ермахан Ибраимовтың шәкірті Бахтияр Артаев. Ол әлі көп Олимпиада чемпиондарын дайындайды деп үлкен үміт күтемін. Ермахан Ибраимов – біздің мақтанышымыз.





Мәтінді пайдаланып сұрақ қойыңдар, дұрыс жауапты таңдаңдар

1)Ермахан Ибраимов кім ?

1.боксшы

3)Ол қай Азия ойындарының чемпионы болды ?

3. 1998
жылғы

2)Ермахан Ибраимов
Сидней
Олимпиадасында
қандай жүлде алды ?

1.алтын

4)Чемпионның алтын жүлделі шәкірті кім ?

3.Бақтияр Артаев

Дұрыс жауаптары

- 1) Ермахан Ибраимов боксшы.
- 2) Ермахан Ибраимов Сидней Олимпиадасында алтын жүлде алды.
- 3) Ол 1998 жылғы Азия ойындарының чемпионы болды.
- 4) Чемпионның алтын жүлделі шәкірті Бақтияр Артаев.

**Бұл спортшыны
білесің бе?**



Александр Винокуров

Александр Винокуров – белгілі спортшы. Ол дарынды кәсіби велосипедші. Ол Олимпиада жеңімпазы. Александр Винокуров – Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері. Зальцбургтегі 2006 Әлем Чемпионатында Қазақстан құрамасының капитаны болды. 2006 жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолынан II Дәрежелі “Барыс орденін” алды.

Сұрақтар:

Үлгі: *Александр Винокуров кім?*

Александр Винокуров – велоспортшы.

1. Александр Винокуров қандай спортшы?
2. Ол кім?
3. Ол қандай спорт түрімен айналысады?
4. Ол олимпиада чемпионы ма?
5. Ол олимпиадада қандай жүлде алған?
6. Ол Әлем Чемпионатына қатысты ма?
7. Оның қандай наградалары бар?



*Неге
сүйемін?*

Не білемін?

<i>Тақырыбы</i>	<i>өте жақсы</i>	<i>жақсы</i>	<i>орташа</i>	<i>нашар</i>
Менің сүйікті спортым				
Менің сүйікті спортшым				

Үйге:

1. Қазақстанда қандай спорт түрлері дамыған? Ақпарат жина.
2. Қалада сен жақсы көретін спорт түрінен жарыс өтеді. Сен осы жарысты көру үшін не істейсің? (Жоспарыңды жаз)
3. Өзіңнің сүйікті спортшың туралы айт.